

## **Кәсіподақтағы Еңбекші әйелдер істері жөніндегі комиссия жұмысының тиімділігін арттыру туралы АҚПАРАТ**

Жынысына қарамастан барлық әлеуметтік салаларда тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруына тең жағдай жасау – Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының маңызды бағыты.

Осы орайда, Салалық кәсіподақ әрқашан сала қызметкерлерінің, оның ішінде еңбекші әйелдердің әлеуметтік-еңбек, экономикалық құқықтары мен кәсіби мүдделерін қорғауда өз үлесін үнемі қосып келеді.

Бүгінгі күні Салалық кәсіподақ құрамында **427 727** әйел адам бар, бұл кәсіподақтың жалпы мүшесінің **73 %** үлесін құрайды.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Еңбекші әйелдер істері жөніндегі комиссиясының (әрі қарай – Комиссия) құрамы 21 адамды қамтиды.

Комиссия өз жұмысында Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясының Еңбекші әйелдер істері жөніндегі комиссиясымен өзара әрекет етуде. Сондай-ақ, өңірлердегі комиссиялармен де жұмыстар атқарады.

Соңғы 5 жылда Комиссияның 5 отырысы, сонымен қатар Орталық Комитет аппараты қызметкерлерінің, халықаралық сарапшылардың, тренерлердің, қоғамдық көшбасшылардың қатысуымен дөңгелек үстел, семинар-тренингтер мен форум ұйымдастырылды.

Ең бастысы еңбекші әйелдердің құқықтарын қорғау мен еңбек ұжымдарындағы ұжымдық шарттар, келісімдер арқылы олардың құқықтарының жан-жақты сақталуына қолдау көрсетілуде.

Салалық, өңірлік салалық келісімдер мен ұжымдық шарттар аясында:

- жүкті әйелдер, 14 жасқа дейінгі немесе 18 жасқа дейінгі мүгедек баласы бар ата-ананың біреуіне толық емес жұмыс күні немесе толық емес жұмыс аптасы белгіленген;

- жаз айларында немесе өздеріне ыңғайлы кез келген уақытта жыл сайынғы еңбек демалысын кәметке толмаған баланы жалғыз бағып отырған аналар, үш және одан көп балалары бар әйелдер, мүгедек бала тәрбиелеп отырған ата-аналар басымдыққа ие. Мұндай әлеуметтік кепілдіктердің біршама тізімін әрі қарай да жалғастыруға болады, бұл да кәсіподақтардың бірлескен жұмыстарының нәтижесі.

Осы орайда, Сала қызметкерлерінің еңбек құқықтары мен мүдделерін қорғаудағы Кәсіподақ көшбасшыларының еңбектері ерекше екенін атап өткен жөн.

Әйелдердің құқығы мен кәсіби мүдделерін қорғау, ана мен бала құқығының бұзылуына жол бермеуге бағытталған шаралардың заңнама талаптарына сәйкес орындалуы күн тәртібінен түспейді және тұрақты бақылауда.

Комиссия әйелдер мәселесіне қатысты халықаралық және республикалық акцияларға, форумдарға, кәсіподақтардың осы бағыттағы жұмыстарына белсенді қатысады.

Жыл сайын 25 қарашада бүкіл әлемде, оның ішінде біздің елімізде де «Халықаралық әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықпен күрес күні» аталып өтеді, барлық кәсіподақ органдарында «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» науқаны өткізіледі.

Жалпы қазіргі таңда әйелдердің, оның ішінде еңбекші әйелдердің қоғамдағы әлеуметтік рөлі туралы көптеген талқылаулар орын алуда. Сондай-ақ, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуы қазіргі қоғам үшін аса маңызды міндеттердің біріне айналды. Бұл ретте Кәсіподақ көшбасшыларының осы жағымсыз құбылыспен күресудің тиімді шараларын іске асыруға белсенді қатысуы өте маңызды.

Дегенмен, алдымызда әлі де атқарылатын жұмыстар орасан көп. Комиссияның жұмысы осы тұрғыда жандандыруды қажет етеді. Комиссия жұмысының тиімділігін арттыру үшін бірнеше бағыттарды ұсынамыз:

1. Өңірлерде комиссия жұмысын формалды жүргізуден бас тартып, әлеуметтік, экономикалық және құқықтық тұрғыдан әйелдердің жағдайын жақсартуға бағытталған кешенді шараларды қамту. Комиссия жұмысының тиімділігін арттыру үшін өңірлік арнайы оқытуларды ұйымдастыру, комиссия мүшелерінің біліктілігі мен құзыреттілігіне назар аудару арқылы белсенді өкілдерді тарту.

2. Кәсіподақ мүшелерінің құқықтық сауаттылығын арттыру, кәсіби деңгейін көтеру мақсатында гендерлік ағартушылықты жүзеге асыру.

3. Шетелдік ұйымдармен тәжірибе алмасу. Мелекеттік органдармен, қоғамдық ұйымдармен ынтымақтастықты әрі қарай жалғастыру.

4. Әйелдерге қатысты еңбек нарығындағы мәселелерді тереңірек зерттеу, олардың алдында тұрған кедергілер мен мүмкіндіктерді анықтап, комиссияның стратегияларын соған сай реттеу.

5. Әйелдердің мүддесін қорғау, отбасы құндылықтарын насихаттау бағытында комиссия мүшелерімен мақалалар мен сұхбаттар, әлеуметтік желілерде посттар жариялау.

6. Жастар істері жөніндегі кеңестің, Ардагерлер кеңесінің әлеуеттерін пайдалану, комиссия жұмысына мейлінше көбірек тарту арқылы өзара ынтымақтастықты, жаңа идеялар мен өмірлік ұстанымдарды қалыптастыру.

**Орталық Комитет аппаратының  
бас маманы**

**И. Сақауова**